

Экспорттық мұнай-газ құбырлары мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 9 қараша N 1686. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 21 тамыздағы N 725 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 21 тамыздағы N 725 Қаулысымен.

Қазақстаннан мұнай мен газ экспортын қамтамасыз ететін сенімді әрі экономикалық тиімді мұнай және газ тасымалы инфрақұрылымын құру жөнінде Қазақстан Республикасының жұмдасқан, теңдестірілген және бәсекеге қабілетті саясатын әзірлеу және Каспий теңізі қайраңында коммерциялық өндіру басталғанға дейінгі кезеңге жаңа экспорттық құбырөткізгіштер салудың басым жобаларын тандап алу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Қосымшаға сәйкес құрамда Экспорттық мұнай-газ құбырлары мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі - Ведомствоаралық комиссия) құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған Ведомствоаралық комиссия туралы ереже бекітілсін.

3. **күші жойылды - 2005.12.01. N 1180 қаулысымен.**

4. "Құбыр желісі көлігін дамыту жөніндегі кейбір мәселелер" туралы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1999 жылғы 7 маусымдағы N 77 өкімінің күші жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 9 қарашадағы
N 1686 қаулысына
қосымша

**Экспорттық мұнай-газ құбырлары мәселелері жөніндегі
ведомствоаралық комиссияның құрамы**

Ахметов - Қазақстан Республикасының Премьер-
Даниал Кенжетайұлы Министрі, төраға
Школьник - Қазақстан Республикасының
Владимир Сергеевич Энергетика және минералдық
ресурстар министрі, төрағаның
орынбасары
Қиынов - Қазақстан Республикасының Энергетика
Ләззат Кетебайұлы және минералдық ресурстар вице-
министрі
Қарабалин - "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы"
Ұзақбай Сүлейменұлы акционерлік қоғамының президенті
(келісім бойынша)
Школьник - Қазақстан Республикасының Индустрия
Владимир Сергеевич және сауда министрі
Қабылдин - "ҚазМұнайГаз" акционерлік
Қайыргелді Максұтұлы қоғамының басқарушы директоры,
хатшы
Досаев - Қазақстан Республикасының Табиғи
Ерболат Асқарбекұлы монополияларды реттеу,
бәсекелестікті қорғау және шағын
бизнесті қолдау жөніндегі
агенттігінің төрағасы
Тоқаев - Қазақстан Республикасының Сыртқы
Қасымжомарт Кемелұлы істер министрі
Балиева - Қазақстан Республикасының Әділет
Зағипа Яхияқызы министрі
Құлмаханов - Қазақстан Республикасының Төтенше
Шалбай Құлмаханұлы жағдайлар министрі
Сағынтаев - Қазақстан Республикасының Табиғи
Бақытжан Әбдірұлы монополияларды реттеу агенттігінің
төрағасы
Ізмұхамбетов - Қазақстан Республикасы Энергетика және
Бақтықожа Салахатдинұлы минералдық ресурстар министрі,
төрағаның орынбасары
Коржова - Қазақстан Республикасы Қаржы министрі
Наталья Артемовна
Мусин - Қазақстан Республикасы Экономика және
Аслан Есболайұлы бюджеттік жоспарлау министрі

Ысқақов - Қазақстан Республикасы Қоршаған
Нұрлан Әбділдаұлы ортаны қорғау министрі
Шабдарбаев - Қазақстан Республикасы Ұлттық
Амангелді Смағұлұлы қауіпсіздік комитетінің төрағасы
Ахметов - Қазақстан Республикасының Көлік және
Серік Нығметұлы коммуникация министрі

Ескерту. Құрамға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.04.16. N 438 ,
2003.11.29. N 1213 , 2005.12.01. N 1180 , 2006.12.23. N 1278 қаулыларымен .

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 9 қарашадағы
N 1686 қаулысымен
бекітілген

Экспорттық мұнай-газ құбырлары мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Ведомствоаралық комиссия Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Ведомствоаралық комиссия қызметінің басты мақсаты - экспорттық мұнай-газ құбырлары мәселелері бойынша келісілген тиімді саясат әзірлеу жөнінде ұсыныстар даярлау.

2. Ведомствоаралық комиссияның жұмыс тәртібі

3. Комиссияны Төраға басқарады.

4. Ведомствоаралық комиссияның отырысы қажеттілігіне қарай, бірақ жарты жылда кемінде бір рет өткізіледі және егер оған ведомствоаралық комиссия мүшелері жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, құқылы деп саналады.

5. Ведомствоаралық комиссия шешімі ведомствоаралық комиссия мүшелері жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданады. Хаттамамен ресімделеді және ұсыныстық сипатта болады. Ведомствоаралық комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған кезде Төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Ведомствоаралық комиссияның жұмыс органы қызметін Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі орындайды.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.12.01. N 1180 қаулысымен .

3. Ведомствоаралық комиссияның міндеттері мен қызметі

6. Ведомствоаралық комиссияның негізгі міндеттері мен қызметі:

1) Экспорттық мұнай және газ құбырларын дамытудың бас жоспарын әзірлеу;

2) Қазақстан Республикасының стратегиялық мүдделерін ескере отырып, мұнай және газ тасымалы инфрақұрылымы объектілері құрылысының басым ж о б а л а р ы н б е л г і л е у ;

3) экспорттық мұнай-газ құбырлары жобаларының техникалық-экономикалық құжаттамаларының дайындалу барысын және осындай жобаларды іске асыру жөніндегі келіссөздерді қарау;

4) экспорттық мұнай-газ құбырларын салудан балама жобаларын іске асырудың экономикалық, саяси, экологиялық, әлеуметтік және басқа да а с т а р л а р ы н т а л д а у ;

5) басым жобалар бойынша келіссөздер жүргізу стратегиясын белгілеу;

6) таңдап алынған басым жобалар бойынша келіссөздерді, соның ішінде мүдделі елдермен, инвесторлармен және мұнай компанияларымен болатын техникалық-экономикалық негіздемелер дайындау және мұнай-газ құбырларын салуға байланысты мәселелер бойынша барлық келіссөздер мен консултацияларды үйлестіру;

7) мұнай-газ тасымалы инфрақұрылымын дамытудың ұзақ мерзімді стратегиясын және басым жобаларды іске асыруға жауапты мемлекеттік басқару органдары мен ұйымдарының қызметін үйлестіру.

4. Ведомствоаралық комиссияның құқықтары

7. Ведомствоаралық комиссияның белгіленген тәртіпте және өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша:

1) Қазақстан Республикасының экспорттық мұнай-газ құбырларын дамыту жөніндегі саясатын бекіту және оған түзету енгізу, осы мәселе бойынша басқа елдермен, мұнай компанияларымен және инвесторлармен өзара қарым-қатынас жөнінде ұсыныстар енгізуге;

2) экспорттық мұнай-газ құбырларын салудың басым жобаларын таңдап алу, таңдап алынған жобалар бойынша келіссөздер жүргізу стратегиясы жөнінде ұсыныстар енгізуге;

3) Комиссия құрамын өзгерту жөнінде туралы ұсыныстар енгізуге;

4) мұнай-газ құбырларын салу жобаларын дайындау және іске асыру жөнінде уақытша және тұрақты жұмыс істейтін сараптамалық және жұмыс топтарын

ұйымдастыруға;

5) Қазақстан Республикасының мүдделі мемлекеттік органдары мен ұйымдарының мамандарын және консультанттарды экспорттық мұнай-газ құбырларының балама жобаларын іске асырудың экономикалық, саяси, экологиялық және әлеуметтік астарларына баға беру, Қазақстан Республикасының стратегиялық мүдделеріне жауап беретін басым жобаларды таңдап алу жөнінде ұсыныстар әзірлеу және енгізу үшін тартуға;

6) Ведомствоаралық комиссияның құзыретіне жататын мәселелер бойынша заңды тұлғалардан қажетті ақпарат сұратып алуға;

7) Ведомствоаралық комиссия отырыстарында Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдары мен ұйымдарының жауапты өкілдерін, сараптамалық және жұмыс топтарының басшыларын тыңдауға;

8) қажетті зерттеулерді орындау үшін гранттар және техникалық көмек түрінде қаржыландыру тарту туралы ұсыныстар енгізуге;

9) экспорттық мұнай-газ құбырларын дамыту мәселелері бойынша мүдделі мұнай компанияларының, ассоциациялардың және мұнай компаниялары топтарының ұсыныстары мен пікірлерін тыңдауға құқығы бар.

5. Ведомствоаралық комиссия жұмыс органының міндеттері мен қызметі

8. Ведомствоаралық комиссия жұмыс органының негізгі міндеттері мен қызметі:

1) Ведомствоаралық комиссия отырыстарын дайындау;

2) ақпараттарды қажетті зерттеулер мен талдау жүргізу;

3) Ведомствоаралық комиссия құзыретіне жататын мәселелер бойынша Ведомствоаралық комиссия шешімдерін дайындау;

4) басқа елдердің мүдделі мемлекеттік органдарымен, мұнай компанияларымен және инвесторлармен техникалық-экономикалық негіздемелер дайындау және мұнай мен газ тасымалы инфрақұрылымы объектілері құрылысы жобаларын іске асыру мақсатында келіссөздер мен консультациялар өткізу.

6. Ведомствоаралық комиссия қызметін тоқтату

9. Ведомствоаралық комиссия қызметін тоқтатуға:

1) Ведомствоаралық комиссияға жүктелген міндеттердің орындалуы;

2) Ведомствоаралық комиссияға бұрын жүктелген міндеттерді жүзеге асыратын мемлекеттік органның немесе өзге Ведомствоаралық комиссияның

қ ұ р ы л у ы ;

3) Ведомствоаралық комиссияның міндеті орындалмайтын не оның орындалуын тиімсіз ететін өзге де мән-жайлар негіз болады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК